

егемен Қазақстан

Бұлбұл

(Ирина Серкебаеваның "Бибігүл Төлегенова: сүйіспеншілік, үміт және сенім" атты кітабы туралы толғау)



Жақында Астанаға келген Бибігүл Төлегенова апаймен кездесіп, әңгімелескен едім. Бибігүл апай әйгілі әнші, қазақ халқының бұлбұлы бола тұра табиғатынан қарапайым адам. Алғаш рет Бибігүл апайға сирек дауысты әнші Ерік Құрманғалиев туралы жазып жүргенімді айтқанымда, маған ықыластана зер салып қарады да, «Атың Маржан ба, есімде жақсы сақталып қалатын болды ғой, менің Атырауда Маржан Төреханова деген әнші шәкіртім бар, сонда сен атыраулық ақын Маржансың» деген еді. Телефон соққанда: «Бұл ақын Маржан» десем, апай мәз болып күліп алады. Бибігүл апай туралы тұңғыш өмірбаяндық кітап жарық көріпті. Бұл кітапты Ермек Серкебаевтың қызы Ирина Серкебаева орыс тілінде жазған екен. Енді қазақ тіліне аударылып, оқырманға жол тартып отыр. Екі кітап та «Атамұра» баспасынан шыққан. Бибігүл апай кітабын қолтаңба жазып сыйлады.

Қызыққаным соншалық, кітапты бас алмай оқып шықтым. Әнші апамыздың өз аузымен айтылған өмірі мен өнері қатар өрілген кітап ел қызыға оқитын көркем дүние.

Ұлы әншінің балалығы ел басынан кешкен қиыншылықпен, жоқшылықпен басталған. Бибігүл апай былайша еске алады:

«1937. Әкемді ұстап кеткен кез соншалық қиын болды. Анамның сол ауыртпалықты қалай көтеріп, отбасын, бізді қалай сақтап қалғанына таңғаламын. Көмек қолын созатын жан адамы жоқ, шиеттей жас балалармен қалған балғын әйелді көз алдыңа елестетудің өзі қиын. Шешемнің әкемнен қалған сеңсең тонды тілгілеп, біздерге қысқы аяқ киім тігіп беретіні есімде қалыпты. Кәдімгі тері байпақтар. Олардың өзі бір-екі аптадан аспай тасталқаны шығатын, әп-сәтте қажалып, қақырап қалатын. Соған қарамастан тонды қиқалап қайта тігетін, тағы да кескілеп, тағы тігетін. Осындай аштық пен қиын-қыстау заманнан аман есен малтығып шығуымыздың өзі бір таңғажайып дүние. Өз басым тақыр еденде қаз-қатар тізіліп, бір көрпенің астында ұйықтау, бірүйлі жанның қырғын тигендей қызылшамен бір сәтте ауыруы, түскі асыңа бір тілім нанды талғажу ету деген сияқтылардың барлығын солай болуы керек деп қабылдайтынмын. Бірде қыстың қақаған суығында шешем екеуміздің біреудің кірін жуып-шайқағанымыз есімде. Кір жуатын машина, су құбыры деген атымен жоқ, барлығы өзен суында қолмен істеледі. Анамның қолдары қызарып емес, көгеріп кеткеніне қарамастан жұмысын тоқтатпады. Ол күндердің қуанышы аз болатын. «халық жауының» қызы болу-оңай ауыртпашылық емес, ол біздің бәрімізге – отбасымызға шарпуын тигізді». Осы жолдарды тебіренбей оқу мүмкін емес. Сондай қиыншылықты қайшылыққа толы өмірдің салмағын нәзік иығымен көтеріп, он төрт жасар қыз – болашақтың ұлы әншісі алға жүріп келеді.

Алғашқы еңбек жолын киномеханиктің көмекшісі болудан бастаған қыз Семей консерві цехының жұмысшысы боп еңбектегі қадамын жалғастырып жүргенде, тағдырдың айдауымен Семейге «халық жауы» боп жер аударылған жазушы әрі кәсіби әнші Г.И.Серебряковамен кездеседі. Көркемөнерпаздар тобында жарқырап көзге түсіп жүрген жас талантты Серебрякованың қырағы көзі шалады. «Қызым, сен консерваторияда оқуға тиіссің, сенің дарының ерекше» деп ықыластана үн қатқан Галина Серебрякованың сөзіне балаң қыз «Маған онда оқудың қандай қажеттілігі бар, онсыз да консерві цехының желісінде жұмыс істеп жүр емеспін бе» деп жауап қатқан екен. Галина кешкісін жұмыстан соң Бибігүлді үйіне шақырып, ән өнеріне үйретеді. Ол туралы әнші былай деп еске алады:

« Г а л и н а И о с и ф о в н а ұ л ы әншілер, әр алуан мектептер туралы әңгімелейтін. Маған өнердің қандай да жақсы жақтарын ұтымды үйретіп, көркем мәнерге қалай жақындауға тәрбиеледі. Біз көркем мақам, дұрыс сөйлей білу, артикуляциямен айналысып, дем алу мен дыбысты дұрыс ала білуге үйрендік, ол кісі мені әр алуан техникалық нәзіктік пен ән айтудың шеберлігіне баулыды. Бар болғаны үш ай аралығында «Риголетта» операсындағы Джильданың ариясын, Штраустың «Көктемгі дауыстар», С.Туликовтың «Қуаныш вальсін», тағы да толып жатқан әндерді жатқа айтатын болдым. Менің жетістіктеріме Галина Иосифовнаның өзі таңғалатын еді». Ал Бибігүлдің қуанышын, әншіліктің әліппесін меңгеріп алғанын анасы да, бауырлары да, жанындағы адамдар да түсінбейді. «Адам ән айтуға да оқи ма екен? Бізде ән шырқамайтын адам жоқ қой, жұмыс істеу керек, ән салу да жұмыс па екен?!» деп ренжиді.

Кейін Г.И.Серебрякова өзінің өмірбаяндық кітабында Бибігүл Төлегенованы былайша еске алған екен: «Алғашқы дыбыстардан бастап өзіне тартып алды. Дауысы реттелмегендіктен де сенімсіздікпен қысылып шықты. Оның тембрінің ғасырдағы өте үздік колотуралық сопраномен кездейсоқ ұқсастығы мені таң-тамаша қалдырды. 1931 жылы Лондондағы «АльбертХоллда» қайталанбас Галли Курчиді тыңдаған едім. Міне, шалғай қиырдағы Семейде әлі ән айтуға ешқашан үйренбеген жас әншінің дауысында сол бір күн сәулесіндей нәзік, бақбақ гүлдің ұлпаларындай жұмсақ ноталар құйқылжыған болатын». Өмірінде көп қуғын-сүргін көрген, «халық жауы» атанып, Қазақстанға жер аударылған талантты әрі мықты орыс әйелі Галина Серебрякова осылайша Бибігүлді

үлкен жолдың бастауына алып келген. Алматыға консерваторияға келіп оқуға түседі. Бірақ бірден жолы бола кетпеген. Алғашқы сапарында, тамағына салқын тигізіп, еліне кері қайтқан жас әнші екінші келген сапарында қайрақтай қайратпен келеді. Оның бар арманы – ән айту, әйгілі әнші болу еді. Екінші курста жастық жалынмен тұрмыс құрған әншінің жолы күрделене түседі. Үйішіндегі және сабақтағы қиындықтар, тұрмыс тауқыметі жас әншінің жанын жүдетеді. Оған отбасындағы адамдардың бабын табу, қазақы тәртіптәрбиемен күту қиынға түссе де, ол бәріне балалары үшін төзеді. Сол кезде дауысынан да айырылып қалады. Сондай кезде оның шын жанашыр ұстазы Надежда Николаевна Самышина әншінің бақытына орай оның болашағын қорғап қалады. Біраз күн тамағына күш түсіртпей вокалдық диетаға отырғызып қояды. Бірақ теориялық дәрістерін үзбейді. Бір күні сабаққа келмей қалған шәкіртін іздеп үйіне бас сұққан ұстазы оның тірлігіне қайран қалады. Бұл жайында Бибігүл апай былай деп еске алған: «Ол кісінің Фурманов көшесіндегі қирайын деп тұрған барактағы менің үйіме келгенін жиі еске аламын. Жарық жоқ, су жоқ, төбенің бәрі шұрқ тесік бүкіл отбасымызбен сұп-суық бөлмеде бүрісіп отырамыз. Пеш үстінде тостақта сүйек-саяқ қайнап жатыр. Ал мен – болашақ Виолетта – орындыққа шығып алып, қолымдағы жөкені арлы-берлі ойқастатып, ағызып-тамызып үй әктеп жүрмін. Түсі әдемірек болуы үшін әкке қорғасын қосамыз, сосын өзіміз сонымен демаламыз. Сұмдық! Надежда Николаевна бөлмеге кіріп келіп, сілейіп қалды. Мен аяқастынан әбігерге түсіп, отырыңыз деп аяғы ақсақ орындықты ала жүгірдім. Ал менің қарт енемнің кім келгенінде шаруасы да жоқ, тіпті орнынан қозғалмайды да. Надежда Николаевна ол кісіге жақындап келіп: «Ұят емес пе?! Қайда салып қойғансыз? Таланттың тамырына балта шабасыз ғой!» деді. Ана кісі ештеңе де түсінген жоқ. Надежда Николаевнаның көздері жасқа шыланып, қолын бір сілтеді де, кете берді. Алайда, көптеген жылдар өткен соң, мен пәтер алғанда үйді көруге келді. Баяғы барак есіне түсіп, есіктен кіре салысымен жылап жіберді. Қабырғаны алақанымен сипалап тұрып: «Міне, қызым, алтыным менің, енді сенің адам сияқты өмір сүруге қолың жетті» деді.

Осы бір детальдар өткен кезеңдердің өмір шындығын паш етіп тұрғандай.

Бибігүл Ахметқызының еңбекқорлығында шек жоқ, сірә. Адам таңғалатын оқиғаның бірін айтайын. Оған 1954 жылы Абай атындағы опера және балет театрына жұмысқа орналасқанда Вердидің «Риголетта» операсына дайындық туралы айтылады. Бибігүл партитураны алып, күні-түні дайындыққа кірісіп кетеді. Ол операдағы өзінің рөлін ғана емес, барлық кейіпкердің айтатын сөзін жаттап алады. Театрға дайындыққа келгенде бүкіл операны орындай жөнеледі. Тоқтамайды. Кейіпкердің бәрі бір өзі болып әндете жөнеледі. Герцогтенор, Риголетто-баритон, Джованнамеццо-сопрано... Дирижерден бастап, көргендердің бәрі күлкіден құлап жатады. Бибігүл образға кіріп кеткені сондай ешкімді аңғармайды. Бар ойы – әйтеуір тәуір аяқтау. Күлкісін әзер тыйып, көзінен аққан жасын сұрткен КСРО халық әртісі, өте тәжірибелі дирижер әйгілі Зак сонда жас әншіге: «Қызым менің, жарқыным, сен Джильданың партиясын ғана айтуың керек еді! Жарайды, ештеңе етпес, есесіне сен материалды толық меңгеріпсің, ертең саған оңай болады», депті. Ал кейін опера сахнаға шыққаннан кейін Ғазиза Жұбанова Бибігүл Ахметқызының «Риголетта» операсындағы жұмысына былайша жоғары баға берген екен: «Бибігүл сомдаған образ бүкіл спектакль барысында жетіле түседі. Ол бейтаныс жас жігітке бір көргеннен ғашық болған аңғал қыздың махаббатқа бүтіндей берілетін құмар әйелге айналғанын көрсете біледі... Тартыншақ қыз біздің көз алдымызда өзінің арнамысын қорғай алатын батыл әйелге айналады. Джильданы Бибігүлден, Бибігүлді Джильдадан айыру қиын. Бибігүл Джильданың ариясын өте жеңіл және таңғажайып таза орындайды. Ол арияны халық әндері сияқты шын жүрегімен шырқайды. Оның өнері өте шыншыл, табиғатқа өте жақын».

Дегенмен, атағы күн сайын аспандап келе жатқан жас әнші бір күні қызғаныштың құрсауында қалады. Бұрынғы радионың әншісі опера театрында не істейді, оған бұл жер қол емес деген сылтау-себептер оны театрдан ығыстырып шығарады. Ол жағаға шыққан

балық болды енді деп мысқылдаушылар мен күндеушілер қатары да көбейе түседі. Сөйтіп, Бибігүл Төлегенова филармониядан, одан кейін Құрманғазы оркестрінен бір-ақ шығады. Айлап дала мен қала кезіп, елдің сан қиырын шарлап кетеді. Микрофон қазақ даласына жетпесінші жылдары ғана жетті. Ол кезге дейін Бибігүл де техниканың көмегінсіз, яғни, микрофонсыз ән салды даланы, қыратты, тауларды жаңғыртып. Бибігүлдің әні желдің гуілімен, жанбыр даусымен, найзағай жарқылымен жержаһанға тарап жатты. Ол қай жерде концерт қоймасын адал еңбек етті. Халық алдында таңғажайып дауысымен қоса, ол қанына сіңген қарапайымдылығымен шынымен «жұмысшы таптың өкілі» екенін танытты. Сахнаның киесі оны көтерді. «Халық жауының» қызы деген атақ оған қара күйедей жабысса да, бірбеткей қайсар мінезі мен өнерге деген адалдық оны биік-биік баспалдақтарға алып шықты. Сансыз, шаршататын көп гастрольдер. Бармауға, бас тартуға болмайтын. Ол кезде өнер ұжымдарының жылдық, айлық көрсеткіш үшін жержерде концерт беру жөніндегі жоспарын орындамау, гастрольден қалу Кеңес Одағының саясатына қарсы келгенмен пара-пар болған еді. Жол үстінде, автобуста, пойызда, ұшақтарда сан түрлі ауа райының әсерінен суық алғызу, әлсіреу салдарынан әнші көп зардап шекті. Температурасы көтеріліп, бронхит, жөтел қысып, қатты ауырып тұрған тұстарда да бар күшін жинап, сахнаға шықты. Әншінің өміріндегі қиын жағдай – афишаға аты жазылып қойылған соң, ауырып тұрса да, амалсыздықтан сахнаға шығып әнін айтып, сахнадан шыға бере әлсірей құлап, ауруханаға, реанимацияға ұшақпен алып кеткен кездерді де бастан кешті. Содан айлап, апталап ауруханада жатқан кездері болды. Сәтсіз құрылған отбасындағы кикілжіңдер де, өнеріне табынушылар да оның жанын шаршатты, қажытты. Ол жеке өмірінде махаббаттан емес, махаббаттың машақатынан көп азап шекті. Ол биік сезімдерін әнмен ғана әлдилеуді мақсат тұтты. Концерттер, сахналық қойылымдар, гастрольдер, репетициялар, Жоғарғы Кеңестің депутаты деген партиялық үлкен міндеттер бірімен бірі алмасып, уақыт өтіп жатты. Уақытпен бірге Бибігүл Төлегенова да өсті, өркейді. Ол қазақ операсында Күләш Байсейітовадан кейін «Қыз Жібекті», өзінің «Қыз Жібегін» алып келді. Бұл – Бибігүлдің тынымсыз ізденісінен туған үлкен жаңалық еді.

«Қыз Жібек» операсындағы Жібектің «Гэккуи» туралы Бибігүл Төлегенова кітапта былай дейді: «Күләштан кейін Қыз Жібекті сомдау оңай болған жоқ. Роза Жаманова да, Шабал Бейсекова да, Майра Айманова да орындап, образды сомдауда әрқайсысы өздерінше шешім қабылдады. Бірақ солардың барлығы да Күләштің мәнерін жеткізіп, соны сақтауға тырысты. Ал мен бұл әнді орындағанда дауысқа халықтық нақыш беру үшін академизмнің кейбір үлестерінен бас тарттым. Менің ойымша, бұл әнді жылырақ, өзінің бастапқы қалпына жақындата түсетін тәрізді. Премьера өткен күні қатты толқып, бөлмеде ерсілі-қарсылы жүріп, әжептәуір абыржыдым. Спектакльден кейін Роза Жаманова келді. Мені бетімнен сүйіп құшақтады да: «Болды, Бибка, енді мен сабама түстім және «Қыз Жібекті» бұдан былай орындамаймын!» деді. Роза өз жүрегіне ең жақын Жібегін сенімді қолға тапсырғанына риза болғандай еді. Символикалық мәнде, әрине».

Талантты таланттың түсініп, қолдағаны қандай ғанибет десеңізші! Роза Жаманова да жаны таза, парасатты талант еді. Бибігүл Төлегенова опера театрына да қайта оралады араға біршама жылдар салып. Ол жер шарының жартысынан астам елінде, түрлі-түрлі мемлекеттерде болып, концерт берді. Сол барған елдерінің тілінде, сол халықтың әндерін нақышына келтіре шырқады. «Бұлбұл» әнінің күдіретінен болар, халық ішінде әншінің өзі де «Бұлбұл» атанып кетті. Тіпті, мынадай қызық жағдай болған екен. «Америкада концертіміз басталды. Мен «Бұлбұл», «Гауһартас», Линданың каватинасын орындадым. Біраздан кейін менен «Сіз бір жеріңізге магнитофон тығып алған жоқсыз ба?» деп сұрайды. Мен «Жоқ, әрине» деп күлдім. Жапонияға барғанда, Токионың мэрі бізді қабылдап жатқан. Біз кішкене залда сахнасыз, адамдардың алдында тұрып ән салдық. Бір уақытта мэр орнынан тұрып, менің жаныма келіп мұқият тыңдап орнына кетті. Ән айтып болған соң, «Сіздің жағаңыздың астында бұлбұл тығылып тұрған жоқ па?» деп сұрады. Мен жағамды көтеріп: «Жоқ! Тығылып тұрған жоқ» дедім».

Үндістанға барғанда, қонақүйде ұйықтап жатқан әнші терезе түбінде шулаған дауыстардан шошып оянады. Танертеңгі шақ. Желеңін жамыла сала, не боп қалды деп балконға шықса, «Бибігүл! Ән сал! Бибігүл! Ән сал!» деп айғай сап тұрған қаумалаған халықты көреді. Әнші бәлсініп жатпай, көптің сұрауына орай, балконда тұрып, «Гауһартасты» әуелетіп шырқай жөнеледі. Қазақтың әнімен үнді жерінде жүректердің қылын тербей, аспандаған шағы еді бұл.

Таңғажайып әнші даусымен миллиондаған адамдардың, бірнеше ұрпақтың сүйіктісіне айналған адамның арманы бар ма?! Бар екен. Ол Италияға оқуға барғысы келеді. Сол кездегі Одақтағы мәдениет министрі Екатерина Алексеевна Фурцевадан Италияға білімін жетілдіру үшін оқуға жіберуін сұрайды. Министр ханым «Төлегенова КСРО халық әртісі емес пе?! Салған әнін салып жүре берсін» деп шорт кескен. Алғашқы ұстазы Г.И.Серебрякова итальяндық маэстролардан сабақ алған. Екінші ұстазы Н.Н.Самышина Сперанскийден тәлім алған. Ол да Италияда оқыған. Г.И.Серебрякова кәсіби әнші болса да, елшінің әйелі болғандықтан сахнада ән айта алмаған. Ол айдауда, Семейде жүргенде жаралы жанын жұбату үшін үйінде ғана ән айтқан екен. Оның ән салуындағы итальяндық сарын Бибігүл Төлегенованы қатты қызықтырған екен.

«Адам әртіс болса, тұла бойы тұтас көр кем болуы керек» дейді әйгілі әнші. Кі тапты оқи отырып, тұла бойы тұтас көр кемдік Бибігүл Ахметқызының бойы нан табылатына көз жеткізгендей боласыз.

«Әрбір әншінің ән айтуға дайындалуда және жаттығуда өз мәнері, өз жұмыс істеу тәсілі, өзінің жаттығу тәсілі бар. Бірақ бәріне ортақ нәрсе – олар жұмыс істеуі керек. Үнемі жаттықпасаң әншілік те жоқ. Мен үйде жұмыс істегенде, мәтіндермен, артикуляциямен, интонациямен, дұрыс демалумен шұғылданамын. Бір әнді әр түрлі мәнерде айтып көремін. Әннің көңіл күйін, әннің акценттерін, дыбыс үзілістерін өзгертемін», депті кітапта Бибігүл Төлегенова. Бұл – өнерге жан-тәнімен берілген, әнсіз өмір сүре алмайтын ұлы жүректің сөзі. Әні өзіне, өзі әнге айналған қазақтың алтын бұлбұлы – құрметті Бибігүл Ахметқызы 85 жасқа аяқ басқалы отыр.

Тойыңыз құтты болсын, Бибігүл апа!

Маржан ЕРШУ
филология ғылымдарының кандидаты.